



**Қылмыстық жолмен алынған кірістерді
заңдастыруға (жылыстатуға) және
терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-
қимыл жасау мақсатында «Астана»
халықаралық қаржы орталығының
қаржы мониторингі субъектілері үшін
олардың клиенттерімен іскерлік
қатынастарды қашықтан орнатқан
жағдайларда клиенттерді тиісінше
тексеру талаптары**

Бекітілген күні: 30 Желтоқсан 2020

Колданысқа енгізілетін күні: 01 Қаңтар 2021

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржы мониторингі субъектілері үшін олардың клиенттерімен іскерлік қатынастарды қашықтан орнатқан жағдайларда клиенттерді тиісінше тексеру талаптары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржы мониторингі субъектілері үшін олардың клиенттерімен іскерлік қатынастарды қашықтан орнатқан жағдайларда клиенттерді тиісінше тексеру талаптары

(бұдан әрі – Талаптар) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы Заңына

(бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ туралы Заң) және Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (бұдан әрі – ФАТФ) ұсынымдарына сәйкес әзірленді.

Осы талаптар «Астана» халықаралық қаржы орталығының (бұдан әрі – АХҚО) қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – АХҚО Комитеті) КЖ/ТҚҚ туралы Заң талаптарына, КЖ/ТҚҚ туралы АХҚО қағидаларына және АХҚО Субъектілері үшін КЖ/ТҚҚ мақсатында Ішкі бақылау қағидалары талаптарына (бұдан әрі – ІБҚ талаптары) сәйкес әзірленді.

2. Талаптардың мақсаты қаржы мониторингі субъектісінің қашықтан іскерлік қатынастар орнатумен, атап айтқанда клиентті қашықтан сәйкестендірумен байланысты КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 3-бабы 1-тармағының 19) тармақшасында айқындалған тәуекелдерді бірыңғай түсінуіне мүмкіндік жасау және клиентті қашықтан сәйкестендіруді жүзеге асыру үшін, сондай-ақ Субъектіні қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға (бұдан әрі – КЖ/ТҚ) тартуды немесе тартуға әрекеттенуді болғызбау мақсатында қажетті шаралар қабылдау болып табылады.

3. Субъект Ішкі бақылау қағидаларында өз клиенттерімен қашықтан іскерлік қатынастар орнатқан жағдайда клиенттерді тиісінше тексеру (бұдан әрі – КТТ) рәсімдерін белгілейді.

Субъект ішкі құжаттарды сақтау және жүргізу бойынша барлық қажет шараларды қабылдайды және клиенттердің дерекнамасын жүргізеді.

2-тарау. Тәуекелдерді бағалау, сәйкестендіру мен верификация және клиентті тиісінше тексеру

4. Тәуекелге бағдарланған тәсіл (бұдан әрі – ТБТ).

Қашықтан іскерлік қатынастар орнатқан жағдайда Субъект КЖ/ТҚҚ туралы АХҚО қағидаларының 4 және 5-тарауларына және ІБҚ талаптарының

3-тарауына сәйкес КЖ/ТҚҚ тәуекелдерін анықтау және бағалау бойынша мынадай шаралар қабылдайды:

5. Бизнес-тәуекелдерді бағалау.

КЖ/ТҚҚ туралы АХҚО қағидаларының 4-тарауына сәйкес Субъектілер өз қызметтерінің сипатын, мөлшерін және күрделілігін назарға ала отырып, олардың бизнесі ұшырайтын КЖ тәуекелдерін анықтау және бағалау үшін тиісті шаралар қабылдайды. Осы тәуекелдерді анықтау және бағалау кезінде бірнеше факторларды, оның ішінде жаңа технологиялар пайдалануды бағалауды ескеруі қажет.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржы мониторингі субъектілері үшін олардың клиенттерімен іскерлік қатынастарды қашықтан орнатқан жағдайларда клиенттерді тиісінше тексеру талаптары

Субъект өз бағалауын жүргізген кезде барлық бизнес-тәуекелдерді ескереді. Мысалы, сол уақытта киберқауіпсіздікпен байланысты проблема қалай табылуы мүмкін – бұл «технологиялық» тәуекел болып табылатын қызған әмияндармен жұмыс немесе деректерді сақтау үшін виртуалды кеңістік пайдалану кезінде, АХҚО Комитеті Субъектілер бұл тәуекелдерді КЖ/ТҚ тәуекелдерін қоса алғанда, технологияларды басқаруды және тұтынушыларды қорғауды қарау үшін бұл тәуекелдің басқа мәселе туындататынын анықтау үшін жан-жақты қарайтын болады.

6. Клиент тәуекелін бағалау.

Субъект өзінің барлық клиенттеріне осы клиенттің тәуекел бағдарына (бұдан әрі – Субъект ТБТ ескере отырып) сәйкес бағлау және ранжирлеу процесін белгілейді. Тәуекелді мұндай бағалау әрбір клиент үшін клиенттің атынан мәміле жасалғанға дейін жүргізіледі. Субъект әрбір клиент үшін КТТ жүргізуге және АХҚО Комитеті өз клиенттерімен қашықтан іскерлік қатынастар орнатқан жағдайда Субъектілердің жеңілдетілген КТТ пайдалануларын жарамды деп есептейтінін ескеріп, КЖ/ТҚҚ туралы АХҚО қағидаларының 6 және 7-тарауларының талаптарын толығымен сақтауға тиіс.

7. Субъект клиенттердің түрі, елдік (географиялық) тәуекел, өнімдер немесе қызметтер тәуекелі және жеткізу тетіктері, арналар, әріптестер бойынша КЖ/ТҚ тәуекелдерін бағалау нәтижелерін ескере отырып, өз клиенттерімен қашықтан іскерлік қатынастар орнату жөнінде дербес шешім қабылдайды.

8. Сәйкестендіру және верификация.

Қашықтан іскерлік қатынастар орнатқан жағдайларда Субъект КЖ/ТҚҚ туралы АХҚО қағидаларының 5 және 6-тарауларын және КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабын, сондай-ақ ІБҚ талаптарының 4-тарауын басшылыққа ала отырып, өзінің әрбір клиентін сәйкестендіру және верификациялау бойынша алдын ала мынадай шаралар қабылдайды:

9. Жария лауазымды адам (ЖЛА).

ЖЛА үшін тәуекелдің қосымша факторлары мыналарды қамтиды, бірақ шектелмейді:

1) оның позициясын ескере отырып, нақты ЖЛА-ның қайдан келгендігі, елі туралы кез-келген нақты қауіптену;

2) кез-келген байлықтың немесе кірістің түсініксіз көздері (яғни ЖЛА-ға тиесілі кіріс деңгейіне сәйкес келмейтін активтер құны);

3) мемлекеттік органдардан немесе квази-мемлекеттік сектордан күтілетін ірі сомалар түсімі;

4) мемлекеттік келісімшарт бойынша алынатын комиссия ретінде сипатталатын байлық көзі;

5) мәмілеге құпиялықтың кез-келген нысанында ЖЛА талабын белгілеу;

6) мемлекетке тиесілі банкте шоттарды немесе мәмілеге қаражат көзі ретінде мемлекеттік шоттарды пайдалану.

10. Бенефициарлық меншік иелері.

Субъект заңды тұлғаның кез-келген бенефициарлық меншік иелерін (меншік иесін) немесе меншік иесін, бенефициарлық меншікті және заңды тұлғаны немесе меншікті, клиенттің атынан әрекет ететін кез-келген адамды және клиенттің өкілін (өкілдерін) сәйкестендіреді және бақылау орнатады.

Субъект сәйкестендіреді және анықтайды:

1) клиенттің және бенефициарлық меншік иесінің қаражат көздерін;

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржы мониторингі субъектілері үшін олардың клиенттерімен іскерлік қатынастарды қашықтан орнатқан жағдайларда клиенттерді тиісінше тексеру талаптары

2) клиенттің және бенефициарлық меншік иесінің байлық көздерін.

11. Тәуекелдерді басқару.

Субъект өзінің әрбір клиенті үшін КЖ/ТҚ тәуекелдерінің рейтингін анықтайды және белгілейді, КЖ/ТҚ тәуекелдерін бағалау нәтижелерін ескере отырып, Субъект өзіне кем дегенде төмен, орташа және жоғары деңгейлер қамтылуға тиіс тәуекелдің түрлі деңгейін иелене алады.

Қашықтан іскерлік қатынастар орнатқан жағдайларда тәуекелдің төмен деңгейі тек мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік секторға беріледі.

Тәуекелдерді басқару үздіксіз процесс болып табылады. Тәуекелді бағалау процесі біржолғы процесс болып табылмайды, бұл процесс жаңартылып отырады және тұрақты негізде қайта қаралады.

12. КТТ-да клиенттерді тиісінше тексерудің оңайлатылған және күшейтілген шаралары қамтылады.

Қашықтан іскерлік қатынастар орнатқан жағдайларда Субъект КЖ/ТҚ-ға қатысты клиенттің тәуекелдеріне мөлшерлес тәртіппен, КЖ/ТҚҚ туралы АХҚО қағидаларының 6,7 және 8-тарауларына және КЖ/ТҚҚ туралы Заңның

5-9-баптарына сәйкес КТТ қабылдауға тиіс.

Субъект өз клиенттерін верфикациялау үшін мынадай шаралардың бірін немесе бірнешеуін пайдалана алады және КЖ/ТҚҚ туралы АХҚО қағидаларына және ІБҚ-на Талаптарға, сондай-ақ КЖ/ТҚҚ саласында Қазақстан заңнамасына қайшы келмейтін қосымша шаралар әзірлей алады:

1) телефонмен байланысу (сәлемдесу қоңырауы);

2) алғандығы расталып жеке мекенжайға корреспонденциялар жөнелту;

3) клиенттің Қазақстанда тұратын банк және қаржы делдалы, АХҚО юрисдикциясы немесе ФАТФ мүшесі болып табылатын юрисдикция немесе баламалы юрисдикция арқылы электрондық қаражат аударымын жасауы;

4) тиісінше сертификатталған тұлға/ұйым (заңгер, нотариус, юрисдикция актуаріі немесе ФАТФ мүшесі болып табылатын юрисдикция бухгалтері) ұсынған растаушы құжаттаманы жіберуге сұрау салу;

5) тұрғылықты жерін, тіркелген жерін және қызмет орнын құзырлы органдардан ақпарат сұрату арқылы немесе кездесулерге шығу арқылы тексеру;

6) кез-келген құжатты берген кезде жеке/заңды тұлғаның электрондық цифрлық қойылған қолының болуы;

7) биометрикалық сәйкестендіру жинау;

7.1) саусақтарының таңбасы;

7.2) көзді/ішкі тор қабығын сканерлеу;

7.3) адамды анықтап тану құралдары;

8) адамды анықтап тану және «селфи» түсірілімді басқа берілген құжатпен салыстыру үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу;

9) клиентті тексеру үшін нақты уақытта бейнеконференцбайланыс және дайындалған сұрақтармен сұхбат;

10) жеке қатысу арқылы клиенттің алғашқы транзакция жүргізуі бойынша талаптар;

11) шот ашуға өтінім үшін тәуелсіз верификацияға (мысалы, мемлекеттік органның кейбір деректерді растауы) мүмкіндік беретін ақпараттың кең шоғырын ұсынуды талап ететін онлайн-саулнаманы алдын ала толтыру, сонан кейін сауалнамада көрсетілген жауаптар негізінде онлайн-сұхбат өткізу;

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржы мониторингі субъектілері үшін олардың клиенттерімен іскерлік қатынастарды қашықтан орнатқан жағдайларда клиенттерді тиісінше тексеру талаптары

13. КТТ-ның күшейтілген шараларын қолданған кезде Субъект барлық күрделі немесе ерекше ірі мәмілелердің тарихы мен мақсатын, мәмілелердің ерекше схемаларын және айқын экономикалық немесе заңды мағынасы жоқ мәмілелерді барынша көп зерделейді. Субъект сондай-ақ осындай мәмілелер жасалатын іскерлік қатынастарға, осы мәмілелердің немесе осы қатынастардың күдік тудырмайтындығын анықтау үшін бақылау деңгейін және сипатын көтереді.

14. Тұрақты КТТ және клиент қызметіне мониторинг.

Қашықтан іскерлік қатынастар орнатқан жағдайларда Субъект КЖ/ТҚҚ туралы АХҚО қағидаларының 10-тарауына және КЖ/ТҚҚ туралы Заңның

5-9-баптарына, сондай-ақ ІБҚ талаптарының 3-5-тарауларына сәйкес тәуекелдерді ескере отырып, іскерлік қатынастар мен мәмілелерге тұрақты мониторинг үшін тиісті саясат пен рәсімдер белгілейді және қолдайды.

3-тарау. Үшінші тараптың шараларына сенім білдіру

15. Субъект КТТ-ның бір немесе бірнеше элементтерін жүргізу, сәйкестендіру және КЖ/ТҚҚ туралы АХҚО қағидаларының 9-тарауына сәйкес қашықтан іскерлік қатынастар орнатқан жағдайларда оның атынан клиентті верфикациялау үшін үшінші тараптың мынадай шараларына сене алады.

1) авторландырылған тұлға¹;

2) заң фирмасы, нотариаттық фирма немесе басқа тәуелсіз заң кәсіпорны, бухгалтерлік фирма, аудиторлық фирма немесе банкроттық туралы істер бойынша маман немесе соған теңестірілген басқа юрисдикцияның адамы;

3) реттелетін қаржы мекемесі;

4) Субъект тобының мүшесі;

5) мемлекеттік органдардың деректер базасы².

Оның үстіне сенім білдіретін Субъект КЖ/ТҚҚ туралы АХҚО қағидалары талаптарының кез-келгенінің сақталмағаны үшін жауапкершілік алады, өйткені бұл жауапкершілік басқаға берілмейді.

16. Клиенттің жинауға, сақтауға және беруге, оның ішінде қажеттігіне қарай үшінші тұлғаға, сәйкестендіру құралы арқылы расталған жеке деректеріне келісімінің болуы Субъектілер үшін міндетті болып табылады.

4-тарау. Тыйым салу және санкциланған тізімдер

17. Қашықтан іскерлік қатынастар орнатқан жағдайларда Субъект қалқа банкпен және анонимдік шоттармен немесе атауы жасанды шоттармен іскерлік қатынастар орнатпауға немесе қолдамауға тиіс.

18. КЖ/ТҚҚ туралы АХҚО қағидаларының 6-тарауының 6.6-тармағында көрсетілген тыйым салулар қашықтан іскерлік қатынастар орнатқан жағдайларда қолданылады.

19. Субъект мына тізімдерге енгізілген жеке/заңды тұлғамен қашықтан іскерлік қатынастар орнатпауға тиіс:

¹ АХҚО глоссарийінде анықталғандай бағалы қағаздар нарығының уәкілетті фирмасы, не уәкілетті мекемесі

² ФАТФ мүшелері болып табылатын Қазақстанның мемлекеттік органдары мен юрисдикциялары немесе балама юрисдикциялар

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржы мониторингі субъектілері үшін олардың клиенттерімен іскерлік қатынастарды қашықтан орнатқан жағдайларда клиенттерді тиісінше тексеру талаптары

- 1) террористік қызметке қатысы болған адамдардың тізімі;
- 2) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесі;
- 3) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесі;
- 4) Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі – БҰҰ) санкциялары мен қарарлары;
- 5) БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің санкциялары мен қарарлары;
- 6) ФАТФ жоғары тәуекелімен юрисдикциялар тізімі.

5-тарау. Есептілік, деректерді тіркеу, сақтау және қорғау

20. Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға есептілік.

Қашықтан іскерлік қатынастар орнатқан жағдайларда Субъект КЖ/ТҚҚ туралы АХҚО қағидаларының 13-тарауында және КЖ/ТҚҚ туралы Заңның

13-бабында, сондай-ақ ІБҚ талаптарының 5-тарауында көзделген есептілік беру бойынша, атап айтқанда күдікті қызмет/операциялар және шекті операциялар туралы есептілікке қатысты өз міндеттерін білуге тиіс.

21. Деректерді тіркеу және сақтау.

Субъект КЖ/ТҚҚ туралы АХҚО қағидаларының 14-тарауына сәйкес қашықтан іскерлік қатынастар орнатқан жағдайларда барлық жазбаны тіркейді және сақтайды.

Тиісті құжаттама КЖ/ТҚҚ талаптарының сақталуын қамтамасыз ететін негізгі құрамдас болып табылатындықтан. Есепті тиісінше жүргізуді қамтамасыз ету үшін Субъектіде тиісті саясат пен рәсімдердің болуы қажет. Субъект КТТ бойынша оған қолданылатын міндеттемелерге сәйкес өзекті құжаттама жүргізуі және осы құжаттаманы АХҚО Комитетінің сұрау салуы бойынша ұсынуға дайын болуы қажет.

22. Деректерді қорғау.

Субъект «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы

21 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына және «Деректерді қорғау туралы» АХҚО Ережелері мен Қағидаларына сәйкес КТТ, тәуекелдерді бағалауға, есептілікке және клиенттің профиліне қатысты барлық жазбаларды жүргізу үшін деректерді қорғаудың қолжетімді жүйесін жасайды.